

Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 30 наурыздағы N 29/6-III "Астана қаласындағы жасыл отырғызғыларды күтіп ұстау мен қорғау қағидалары туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 6 қарашадағы N 270/39-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2009 жылғы 15 желтоқсанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 603 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 219/25-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 12.12.2017 № 219/25-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңның 43, 43-1-баптарына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 30 наурыздағы N 29/6-III "Астана қаласындағы жасыл отырғызғыларды күтіп ұстау мен қорғау қағидалары туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2004 жылғы 28 сәуірде N 324 болып тіркелген, 2004 жылғы 15 мамырда N 62-63, 2004 жылғы 17 шілдеде N 95-96 "Астана хабары", 2004 жылғы 8 мамырда N 56-57, 2004 жылғы 15 мамырда N 59-60 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған), 2007 жылғы 12 шілдедегі N 406/50-III "Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 30 наурыздағы N 29/6-III "Астана қаласындағы жасыл отырғызғыларды күтіп ұстау мен қорғау қағидалары туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2007 жылғы 24 шілдеде N 473 болып тіркелген, 2007 жылғы 4 тамызда N 131-132 "Астана хабары", 2007 жылғы 4 тамызда N 132-133 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған), 2009 жылғы 28 мамырдағы N 226/35-IV "Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдеріне толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылғы 11 маусымда N 582 болып тіркелген, 2009 жылғы 16 маусымда N 65 "Астана ақшамы", 2009 жылғы 16 маусымда N 71 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған), 2009 жылғы 26 тамыздағы N 243/37-IV "Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылғы 1 қазанда N 590

болып тіркелген, 2009 жылғы 6 қазанда N 111 "Астана ақшамы", 2009 жылғы 6 қазанда N 119 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

осы шешіммен бекітілген Астана қаласындағы жасыл отырғызғыларды күтіп ұстау мен қорғау қағидасында:

1-тармақтың 18) тармақшасындағы "және оларды қорғау және күтіп-баптау жөніндегі міндеттерді жүктейді" деген сөздер алынып тасталсын;

2, 3-тармақтардағы "міндетті" деген сөз "тиісті" деген сөзбен ауыстырылсын;

8-тармақтағы екінші сөйлем алынып тасталсын;

3-тараудың тақырыбындағы "және міндеттері" деген сөздер алынып тасталсын;

16-тармақта:

бірінші сөйлем келесі редакцияда жазылсын:

"Көгалдандырылған аймақтардағы жеке және заңды тұлғалар, меншік иелері және жалға алушылар, тиісті:";

10) тармақшадағы "міндетті" деген сөз алынып тасталсын;

17-тармақтағы "мен міндеттері" деген сөздер алынып тасталсын;

41-тармақтағы "тыйым салынады" деген сөздер "жол берілмейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

51-тармақтағы "тыйым салынады" деген сөздер "жол берілмейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

52-тармақтағы "міндетті" деген сөз алынып тасталсын.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы

мәслихатының сессия төрағасы

А. Бұлашев

Астана қаласы

мәслихатының хатшысы

В. Редкокашин